

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2025 жылғы « 10 » қазандағы  
№ 849 қаулысымен  
бекітілген

## **Шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін айқындау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 536-бабының екінші бөлігіне сәйкес әзірленді және шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін айқындау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – сауда қызметі саласында сауда саясатын қалыптастыратын және басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) тауар – сатуға немесе айырбастауға арналған, айналымнан алынбаған кез келген еңбек өнімі;

3) біртекті тауарлар – барлық жағынан бірдей болып табылмайтын, бірақ өздерінің бағаланатын тауарлар сияқты функцияларды орындауына және олармен бірін-бірі коммерциялық тұрғыда алмастыра алатын тауарлар болуына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас құрамдастардан тұратын, дәл сондай материалдардан өндірілген тауарлар.

### **2-тарау. Шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін айқындау тәртібі**

3. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасына тауарлар импортының қарқыны мен құрылымын талдау деректері негізінде Еуразиялық экономикалық одақ Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) алты белгісі деңгейінде жартыжылдықтың қорытындысы бойынша шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын тауарлардың қосымша тізбесін (бұдан әрі – қосымша тізбе) қалыптастырады. Біртекті тауарлар қарастырылған жағдайда импорт ЕАЭО СЭҚ ТН төрт белгісі деңгейінде қаралуы мүмкін.

#### 4. Қосымша тізбе:

1) ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарын алты немесе төрт белгі деңгейінде көрсете отырып, бір мезгілде мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін тауарлардан тұрады:

қарастырылып отырған кезең үшін көрсетілген тауарлардың Қазақстан Республикасына импортының жалпы көлемінің 10 %-ы және одан астамы белгілі бір елдің үлесіне тиесілі импорт құрылымындағы тауарлар, бұл ретте көрсетілген елдерден импорттың құндық көлемі 10 мың АҚШ долларынан артық болуға тиіс; өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда қарастырылып отырған кезеңде табиғи мәндегі (және (немесе) қосымша өлшем бірлігінде) импорт көлемінің ұлғаюын көрсететін тауарлар;

2) қарастырылып отырған кезең үшін көрсетілген тауарлардың Қазақстан Республикасына импортының жалпы көлемінің 10 %-ы және одан астамы импорт үлесіне тиесілі елдердің атаулары.

5. Қосымша тізбені қалыптастыру кезінде акцизді нақты тауар импортына қатысты қолданудың экономикалық орындылығы және (немесе) Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелер ескеріледі.

6. Қосымша тізбе жобасы Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарына келісу үшін жіберіледі.

7. Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісу қорытындылары бойынша қосымша тізбенің жобасы Қазақстан Республикасының сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының (бұдан әрі – Ведомствоаралық комиссия) қарауына шығарылады.

8. Қосымша тізбені уәкілетті орган Ведомствоаралық комиссияның ұсынымдық шешімі болған кезде бекітеді.

---